

# «Жас достарымның арасындағы жазғы күндерім» тақырыбында республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. «Жас достарымның арасындағы жазғы күндерім» тақырыбында республикалық интернет-байқауды (бұдан әрі - Байқау) жалпы білім беретін мектептер, қосымша білім беру ұйымдары мен балалар сауықтыру лагерьлері тәлімгерлерінің арасында қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: жазғы демалыс кезінде балаларды демалдыру, сауықтыру үшін тиімді жағдайды және олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын жан-жақты дамытуды қамтамасыз ететін жаңа инновациялық бағдарламалар, әдістер және технологияларды анықтау.

3. Байқау міндеттері:

1) білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға, оны жетілдіруге ұмтылған педагог қызметкерлер мен шығармашыл ұжымдарды анықтау және оларға қолдау көрсету;

2) балалардың демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибелерді тарату;

3) балалардың демалысы мен сауықтыру жүйесіндегі инновациялық әлеуеттерін нығайту;

4) балалардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру бойынша бағдарламалық-әдістемелік деректер базасын қалыптастыру.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2016 жылғы 18 сәуірге дейін konkurs. leto@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

Анықтама телефоны: 8(7172)249303, көркем-эстетикалық бөлім әдіскері Абикаликова Аида Пансатқызы.

7. **2016 жылғы 18 сәуірден** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. **Байқауға қатысу үшін 5000 ( бес мың) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733  
ИИК KZ918560000005068448  
БИК КСJBKZKX  
КНП 859  
Кбе 16  
АО БанкЦентрКредит

**Төлемақы мақсаты:** «Жас достарымның арасындағы жазғы күндерім» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **konkurs.let@mail.ru** электронды пошта арқылы жіберу қажет.

9. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздары туралы ақпарат **www.ziyatker.org** сайтында **2016 жылғы 26 сәуір** орналастырылады.

### **3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар**

10. Байқауға түрлі үлгідегі жалпы білім беретін мектептер, қосымша білім беру ұйымдары мен балалар сауықтыру лагерьлерінің тәлімгерлері қатыса алады.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

**1) балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша авторлық бағдарламалар;**

**2) білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету:** балалардың жазғы демалысын, бос уақытын ұйымдастыру түрлері бойынша әлеуметтік маңызы бар әдістемелік нұсқаулықтар;

14. Конкурстық жұмыстар келесі талаптарға сәйкес қабылданады. **«Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша авторлық бағдарламалар»** номинациясында жазғы демалыс ұйымдастыру бойынша инновациялық бағдарламалар (А 4 форматта, қаріп - 14, жоларалығы – 1) қабылданады.

**«Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету»** номинациясында жасақ жұмыстары сценарийлерінің жинақтары, лагерь ауысымының жұмыс жоспарлары, жазғы демалысын ұйымдастыру үшін спорттық-бұқаралық, экологиялық және табиғи, ғылыми-техникалық іс-шаралар, шығармашылық байқаулар, танымдық және зияткерлік ойындар, сұрақ-жауап сайысы әзірлемелері (А 4 форматта, қаріп - 14, жоларалығы – 1) қабылданады.

Байқау материалдарын бір немесе бірнеше автор әзірлеуі мүмкін.

15. Басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе бір топ адамдардың кез келген түрде қадір-қасиетін кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

Байқау материалдарын бір автор әзірлеуі мүмкін.

16. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі;

бағдарламалық материалды әдістемелік қамтамасыз етудің толықтығы;

бағдарламалық-әдістемелік материалдарды жетілдіру әлеуеті;  
әдістемелік материалдардың өзектілігі.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау**

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, сертификаттардың электронды нұсқалары мына: <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> сілтеме бойынша жүктеп алу мүмкіндігімен [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.